

**Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қазандағы "Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 10–934 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 9-1475 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қазандағы "Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 25 қарашасында № 3581 болып тіркелген, Қарасай ауданы әкімінің жеке блогында 2015 жылдың 22 қазанда жарияланған) № 10–934 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Мадияр Орынтайұлы Әмірғалиевке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Бигелдиев*